**Қазақстан Республикасының азаматтары мен заңды тұлғаларының жабайы аңдарды аулауына арналған бірыңғай ең төменгі төлем ставкаларын бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 11 тамыздағы N 760. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002.04.15. N 429 қаулысымен. ~P020429

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтары мен заңды тұлғаларының жабайы аңдарды кәсіпшілік, әуесқойлық және спорттық аулауына арналған республика бойынша бірыңғай ең төменгі төлем ставкалары бекітілсін.

2. Арнайы уәкілеттік берілген Қазақстан Республикасының аңшылық шаруашылығын басқару органына Қазақстан Республикасының азаматтары мен заңды тұлғаларының жабайы аңдарды аулауына арналған төлем ставкаларын ең төмендегіден қалыптасқан сұраныска қарай арттыруға рұқсат етілсін.

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман, балық және аң шаруашылығы комитеті бір айлық мерзім ішінде жануарлар әлемін пайдаланғаны үшін, сондай-ақ оны қорғау және жаңадан өндіру үшін төлемдер алудың және оларды жұмсаудың тәртібін әзірлесін және оны Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынсын.

4. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1993 жылғы 14 қыркүйектегі N 393 өкімінің күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1998 жылғы 11 тамыздағы
N 760 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасының азаматтары мен заңды
тұлғаларының жабайы аңдарды кәсіпшілік, әуесқойлық
және спорттық аулауына арналған бірыңғай ең
төменгі төлем ставкалары

| Жабайы аңдардың түрлері | Бірыңғай ең төменгі төлем ставкаларының мөлшері (бір бас үшін теңгемен) | |
|---|---|---|
| | кәсіпшілік аулау | әуесқойлық және спорттық аулау |
| **Тұяқты жануарлар** | | |
| Бұлан (аталығы) | | 12000 |
| Бұлан (ұрғашысы) | | 10000 |
| Бұлан (ұшары) | | 5000 |
| Марал (аталығы) | | 10000 |
| Марал (ұрғашысы) | | 5000 |
| Марал (ұшары) | | 3000 |
| Аскания бұқасы (аталығы) | | 7000 |
| Аскания бұқасы (ұрғашысы) | | 4000 |
| Аскания бұқасы (ұшары) | | 2500 |
| Елік (ареалдың солтүстік жағы)-аталығы | | 3000 |
| Елік (ареалдың солтүстік жағы)-ұрғашысы, ұшары | | 2500 |
| Елік (ареалдың оңтүстік жағы)-аталығы | | 1500 |
| Елік (ареалдың оңтүстік жағы)-ұрғашысы, ұшары | | 1000 |
| Тоқал бұғы | | 1500 |
| Сібір тау ешкісі (аталығы) | | 3500 |
| Сібір тау ешкісі (ұрғашысы, ұшары) | | 2500 |
| Қабан (аталығы) | | 4000 |
| Қабан (ұрғашысы, ұшары) | | 3000 |
| Киік (аталығы) | 200 | 1000 |
| Киік (ұрғашысы, ұшары) | 150 | 600 |
| **Жыртқыш және мамық жүнді аңдар** | | |
| Аю | 10000 | |
| Бұлғын | 1800 | |
| Құндыз | 1000 | |
| Кәмшат | 700 | |
| Ондатр | 100 | |

Суыр, қара күзен 120

Борсық 120 300

Түлкі 100 300

Қарсақ 50 150

Сілеусін 500

Саршұнақ немесе құмтышқан 40

Қояндар-ор қоян, ақ қоян, құм қояны 10 50

Саршұнақтар, Алтай бұрабасы, кәдімгі атжалман, Азия борша тышқаны, Сібір көртышқаны, су сұртышқаны 5

Жанат тәрізді ит, Құну, Жанат, Сарғыш күзен, Ақ қалақ, Аққіс, Сары күзен, Сасық күзен, Дала мысығы, Тиін 40

Теңіз алаңдары

Каспий ит балығы 1500

Қанатты жабайы құстар

Қырғауыл 200

Саңырау құр 300

Ұлар 350

Құр 250

Қаздар, қарашақаздар 50 200

Үйректер 10 60

Қасқалдақ, шалшықшылар, шырғалақтар, қарабауыр, шілдер, кекілік 50

Құстардың аңшылық объектілеріне жатқызылған басқа да түрлері 20

Қосмекенділер және бауырымен жорғалаушылар

Ортаазия және су тасбақасы 20

Көкбақалар, құрбақалар 3

Кесірткелер 5

Улы жыландар 50

Усыз жыландар 40

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК